



S

Ұлы даланың ұлы ақыны - Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына оқу мен ой, ақыл мен білім, парыз бен парасат тоғысқан киелі шаңырақ - еліміздің Ұлттық кітапханасының ұжымы тағы бір толайым тарту жасап отыр. Ол - хәкімнің өмірі мен шығармашылығы туралы "Абай Құнанбайұлы (1845-1904)" библиографиялық көрсеткіші. Мемлекеттік - қазақ тіліндегі (3 700-ге жуық бірлік) және орыс (2300-ден астам), басқа да шетел тілдеріндегі (200-ге жуық), барлығы 6 мыңнан астам дерек көздері жинақталған ұжымдық еңбекті Абайтанудың шынайы шежіресі деуге әбден лайық. Ол, сондай-ақ, 7 миллионнан астам кітап пен басылым бірлігі сақтаулы халқымыздың бас кітапханасындағы және басқа облыстық кітап орталарындағы - Абай сәулемесі, яғни мол рухани қазынаның жарқын айғағы.

насы кең бір саласы - Ұлттық кітапханада биылғы мерейтой жылдарың қаңтар айында ашылып, жүздеген кітап пен сан алуан басылымдар тоқайласқан "Абай" әдеби орталығы. Осындағы ашық қордан оқырман қауымның ұлы ақын туралы мейлінше жан-жақты оқып, танысуына жақсы мүмкіндік туғызылған. Сөз орайы: атамыш орталық мемлекет басшысының ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойы туралы Жарлығы шыға салысмен кітапхана ұжымының жұдьрықтай жұмыла атқарған жоспарлы жұмысының қисынды қорытындысы. Оқырман Ұлттық кітапхана ұжымының өткен жылы Грецияның астанасы - Афинада

ҰЛТЫ АҚЫН МҰРАСЫ

"Абай" библиографиялық көрсеткіші жарыққа шықты

Құрметті оқырман, егер Абай өмірі мен шығармашылығы жайында көбірек білгіз келсе, атамыш көрсеткіш, шын мәнінде, таптырмас жолсерік. Сіз бір ғана кітапты парақтай отырып-ақ, неғізінен Ұлттық және республикалық басылымдарындағы Абай мұрасы тұнған қазынаның кілтін ұстап, ұлы ақын сөзінің шуағына бөлениесіз. Жастайынан "білуге құмар, үйренуге тоймаған" ақын қайран қазағының "көзін ғана емес, көкіргін де ашуды" арманадады. Елжандылық пен еңбекті, білім мен енерді, адалдық пен өділдікті бақыт бас-

қорындағы ұлы ақын әлеміне бұл сапардың Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" дәстүрлі Жолдауында биік мақсат ретінде алға қойылған "Ұлттық жаңа болмысын қалыптастыруға" жасар қолғабысы да қомақты. Бұл руханият сапары, сондай-ақ, тәуелсіз мемлекетіміздің Тұнғыш президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың осыдан ширек ғасыр бұрын, егемендігіміздің елең-алаң шағында айтқан "Абай туралы сөз" және Қ.К.Тоқаевтың "Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан" тарихи-тәжірибелік еңбектеріндеңгі ұлы Абай

зентінің еңбектері қанша заман өтсе де, данышпан мұрасын дәріптеген тағы қанша дүние жарық көрсе де бағыт-бағдарымызды нұсқар шамшырақ болып қала береді.

Ауқымды библиографиялық еңбек Абайдың өлеңдері мен дастандары, аудармалары мен қара сөздері, музыкалық мұрасы және олар жайындағы құнды материалы мен дерек көздерінен бай мағлұмат береді. Бір қарап шыққанда-ақ, асыл қазынаның қырсырына көзімізді ашуға көмектесетін іргелі жобаның авторы - Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры,

"Кітапханалар: өзгерістерге арналған диалог" дүниежүзілік кітапханалық және ақпараттық конгресі аясында "Абай - ұлы даланың ақыны" әдеби кеші мен ақын мұрасы бойынша көрме ұйымдастырылғанынан БАҚ және өлеуметтік желілер арқылы хабардар болса керек.

Сонымен қатар Сіздер, құрметті қауым, кітапханадағы Абай өмірі мен шығармашылығына арнап өткізілген сан-алуан тарихи-тәжірибелік шаралардың пандемия кезінде оқшауланған халық үшін онлайн түрінде сөтімен жалғасқанының да күесі болдыңиздар. Сол сияқты қазақ-